

# **Болуспаев Шалқар Аманжолұлы**

- “Экономика ” Кафедрасының доцент міндетін атқарушысы
- Ғылыми дәржесі: **PhD докторы**
- Зерттеу бағыты: Экономиканың нақты секторы, соның ішінде энергетикалық саласының инновациялық дамуы
- Білімі:
- бакалавриат (2008), магистратура (2010) – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ.
- Докторантура (2010-2013) – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ және Сапиенца Рим университеті



Эл. почта:  
**shalkar.boluspayev@gmail.com**  
тел: **87023900070**

### **Негізгі әдебиет:**

1. Мухамедиев Б.М. Микроэкономика. Алматы.: Қазақ университеті, 2014
2. Ғабит, Ж.Х. Микроэкономика: оқулық / ҚР Білім және ғылым м-і Л. Н. Гумилев атын. Еуразия ұлттық ун-ті.- Астана: Л. Н. Гумилев атын. ЕҰУ, 2009.- 426
3. Тарасевич Л.С. Микроэкономика [текст]: Учебник, 2010 – 382 с.
4. Пиндайк Р., Рубинфельд Д. Микроэкономика. М.; Дело, 2013 г.- 965 с.
5. Микроэкономика. Оқулық. 2 басылым. Молдахметова А.Б., Өтебаев М.
6. Нуреев Р.М. Курс микроэкономики. М.: НОРМА, 2010  
Микроэкономика, Практикум. Задачи, тесты, ситуации. С.-П.: Литера плюс, 1994
7. Мамыров Ы.К., Кулекеев Ж.А., Султанбекова Г.К. Микроэкономика. Алматы: Экономика, 1997

# Лекция 1

Кіріспе. Микроэкономика пәні және  
микроэкономикалық талдау  
әдіснамасы

# Сұрақтар

- Микроэкономика пәні.
- Микроэкономика әдістері мен әдіснамасы
- Ресустардың шектеулігі мен таңдаудың альтернативтілігі мәселелері.

## Микроэкономика

Неоклассиктердің экономикалық көзқарастар негізін тиімді (оңтайлы) ойлау мен экономикалық агенттердің (субъектілердің) мінез-құлқы, олардың әл-ауқатын жоғарылату, еркін бәсекелістік, өзін-өзі реттейтін нарық, мемлекеттің экономикаға кіріспеу қағидалары құрады. Әуелі ол баға теориясы, сонан соң — фирма теориясы, кейінірек — «микроэкономика» деп аталды.

1937 жылы шыққан Дж.М.Кейнстің «Жұмыспен қамтудың, пайыздың және ақшаның жалпы теориясы» деп аталатын еңбегі макроэкономикалық мәселелерді зерттеуге шақырды.

# Микроэкономика

– Микроэкономика (грек. mikro – шағын және oikonomike – үй шаруашылығын жүргізу өнері) кәсіпкерлердің, кәсіпорындардың, тұтынушылардың мінез - құлқын бағалау мен зерттеуге бағытталған экономикалық теорияның бөлігі.

# Микроэкономика – келесілердің экономикалық қызметін зерттейді:



Үй  
шаруашылықтар  
ы




фирмалар

# Микроэкономика келесі негізгі бағыттарды зерттейді:

- Тұтынушы мәселесі
- Өндіруші мәселесі
- Нарықтық тепе-теңдік және нарық құрылымы
- Жалпы тепе - теңдік
- Ақпарат асимметриясы
- Сыртқы әсерлер
- Қоғамдық игіліктер
- Қоғамдық таңдау теориясы





# Микроэкономиканың негізгі сұрақтары:

- **НЕ өндіру керек?**
- **Қалай өндіру керек ?**
- **Кім үшін өндіру керек?**

# Микроэкономиканың зерттеу пәні

- **Микроэкономиканың зерттеу пәні** – жеке экономикалық субъектілердің қызметі болып табылады.
- **Микроэкономиканың зерттеу пәні** – Шектеулі ресурстарды тиімді қолданумен және экономикалық таңдау жағдайында шешім қабылдаумен байланысты экономикалық қатынастар.

## Микроэкономикалық талдау мақсаттары

- 1. Экономикалық агенттердің мінез – әрекеттеріндегі заңдылықтарды түсіндіру**
- 2. Нарықтық механизм қалай қызмет ететінін түсіндіру**
- 3. Нарықтардың ерекшеліктері мен олардағы баға құрылуын түсіндіру**

# Экономикалық теорияның жалпы әдістеріне мыналар жатады:

- **1. Ғылыми абстракция** – бұл зерттеліп отырған құбылыстар-дың ең маңызды жақтарына және қасиеттеріне көңіл бөлу.
- **2. Анализ** – бұл зерттеліп отырған объектіні жекелеген бөлік-терге бөліп талдап көрсету.
- **3. Синтез** – бұл зерттеліп отырған объектінің жекелеген элементтерін біртұтас жүйеге біріктіріп көрсету.
- **4. Индукция** – бұл жекелеген құбылыстар мен деректерден жалпы қорытынды шығару.
- **5. Дедукция** – бұл жалпыдан жекеге қарай өту.
- **6. Эксперимент** – бұл сараптама жүргізу.
- **7. Гипотеза** – бұл алдағы уақытқа ғылыми болжам жасай алу.
- **8. Аналогия** – бұл экономикалық құбылыстарды басқа экономи-калық емес мысалдар арқылы түсіндіру және ұқсату.
- **9. «Әртүрлі тең жағдайларда» әдісі** – бұл қандай да бір құбы-лысқа бір фактор әсер еткенде басқа факторларды тұрақты деп қарастыру.

# Микродеңгейдегі (солай макродеңгейдегі де) экономикалық талдау **оң** немесе **нормативті** тәсілді үйғарады.

- **Оң** талдаудың мәні мынада: ол сипаттайтын болып келеді, яғни нақты болып жатқан экономикалық құбылыстардың зерделеуін, олардың себеп-салдар байланыстарын жобалайды.
- **Нормативті талдау** – бұл үдерістер мен құбылыстар қандай болу керек екені жөніндегі бағалау пікірлер, ол мақсаттық нұсқамаларды дамытуға бағдар береді. Тұтастай алғанда, микроэкономика үшін экономика теориясына сияқты бірдей тану әдістері қолданады: формальды логика, диалектикалық логика, математикалық модельдеу.

# Микроэкономикалық талдау әдістері

1. **Шекті талдау**
2. **Функционалды талдау**
3. **Экономикалық-математикалық модельдеу**

# Микроэкономиканың әдіснамалық принциптері.

- 1) Таңдаудың баламалығы (альтернативтілігі);
- 2) Индивидуализм принципі (Робинзолада);
- 3) Рационалды таңдау;
- 4) Индивидтің толық ақпараттылығы принципі
- 5) Сандық талдау, функциональдық өзара байланыстығы;
- 6) Статикалық талдау.

### 3. Ресустардың шектеулігі мен таңдаудың альтернативтілігі мәселелері.

- **Ресурстардың шектеулігі** проблемасы қазіргі таңда ең өзекті мәселелердің бірі
- **Ресурстардың шектеулілігі** дегеніміз – барлық экономикалық қажеттіліктерді бір мезетте қанағаттандыру мүмкін еместігінің көрсеткіші





## Таңдау мәселесі:



**баламалы (альтернативті) шығындар** дегеніміз – жіберіп алған немесе қолданыла алмаған мүмкіндіктер шығындары, бір өнімді өндіру барысында құрбан болған және таңдауға ие болмаған балама нұсқалардың сол өнімді өндірудің құнымен өлшенген шығындары.

# ӨНДІРІСТІК МҮМКІНДІКТЕР ҚИСЫҒЫ

- Енді баламалы (альтернативті) шығындарды график арқылы, яғни өндірістік мүмкіндіктер қисығы арқылы көрсетуге болады. Бұл қисық – екі секторлы экономикалық модель. Берілген өндірістік ресурстар қорын және белгілі деңгейдегі технологияны пайдаланып, осы ресурстан дайын өнім өндіргенде бір ғана баламалы игіліктің өндірісін кеңейтуге болады, бірақ осы уақытта басқа игіліктің өндірісі азаяды. Және де бұл кезде ресурстардың өндірістік құрылымдарының баламалы мүмкіндіктері өте көп болады.

# Өндірістік мүмкіндіктер

- **Өндірістік мүмкіндіктер** дегеніміз – технологиялық дамудың белгілі бір деңгейінде қолдағы бар ресурстардың барлығын аса толық және тиімді пайдалана отырып экономикалық игіліктерді өндірудегі қоғамның мүмкіндіктері

# ӨНДІРІСТІК МҮМКІНДІКТЕР ҚИСЫҒЫ

А нүктесінде – ресурстардың барлығы тұтыну заттарын өндіруге жұмсалады. Е нүктесінде – ресурстардың барлығы инвестициялық тауарларды өндіруге жұмсалады. D нүктесі – тиімсіз өндірісті білдіреді. N нүктесі – мүмкін емес өндірісті сипаттайды. А, В, С, Е нүктелерінен өтетін қисықты біз **өндірістік мүмкіндіктер қисығы**.

